


Банктерде ақша бар, бірақ олар ШОБ-қа кредит бермейді – Президент

Дереккөз: <https://orda.kz/u-bankov-est-dengi-no-oni-ne-kredituyut-msb-prezident/>

Шағын және орта бизнес тарапынан кредитке сұраныс



Дереккөз: ҚРҰБ



Сұңғат Рысбек

Талдаушы

“Таяуда ЕЛ Президенті Үкімет пен әкімдерге арнаған үндеуінде банктер тарапынан шағын және орта бизнесті қаржыландыру деңгейі төмен екендігін айтты. Президенттің пікірінше шағын және орта бизнеске (ШОБ) кредит беруді арттыру үшін банктерде қаражат жеткілікті.

2023 жылдың 1 наурызына қарай, ШОБ-қа берілген несиенің жалпы көлемі 6.4 трлн теңгені құрады. Бұл бүкіл корпоративтік қарыздардың 56%-ына және банктердің жиынтық кредиттік портфелінің 26%-ына тең. Бұл көрсеткіш соңғы бірнеше жыл ішінде жоғары болып саналады. Ал жалпы бизнес тарапынан кредитке деген сұраныстың өскендігі байқалады. Айталық, 4-ші тоқсанда шағын бизнес тарапынан кредит алуға 511.8 мың, ал орта бизнес тарапынан 2.7 мың өтінім келіп түскен. Бұл ретте шағын бизнестің өтінімдерінің тек 39%-ы, ал орта бизнестің өтінімдерінің тек 51%-ы ғана мақұлданады екен. Ірі бизнесте бұл көрсеткіш жоғары – 73%.


Бизнес өкілдерінің өзі қаржының қолжетімсіздігін аса бір түйткілді мәселе деп қарамайды. ҚРҰБ «Экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындар арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес» кәсіпорындардың 35.4%-ы үшін Қазақстан экономикасының қазіргі жай-күйі бизнес жүргізуге кедергі келтіреді, бұдан басқа кедергілер бойынша нарықтық бәсекелестікті (28.5%), салықтық ауыртпалық деңгейін (24.4%) атап өткен. Ал қаражатқа қол жеткізу мәселесі маңыздылығы жағынан тек 8-ші орында (12.8%).

Сондай-ақ кепілдің жоқтығы, көптеген кәсіпорындарда кредиттік тарихтың жоқтығы және кәсіпорындардың қызметін бағалау үдерісінің жеткілікті цифрланбағаны да өсуге кедергі келтіреді. Ал енді кепілдікті беру ережесін қайта қарау, ақша ағынын цифрландыру және банктер мен мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерін өзара біріктіру - банктер үшін шағын және орта бизнеске берілетін несиелердің көлемін арттыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Депозит ұйымдарында депозиттер көлемі 896 млрд теңгеге немесе 3%-ға өсті

Дереккөз: <https://www.nationalbank.kz/ru/depositoryorganizationsdeposits/depozity-v-depozitnyh-organizacijah->

Депозиттер серпіні



Дереккөз: ҚРҰБ



Сұңғат Рысбек

Талдаушы

“Наурыздың аяғына қарай депозиттер көлемі 30.7 трлн теңгені құрады. Жыл басынан бері тұңғыш рет жеке және заңды тұлғалардың салымдары өсе бастады.

Ұлттық валютадағы депозиттер жиынтық өсімге айтарлықтай үлес қосты (+776 млрд теңге). Айталық, заңды тұлғалардың теңгелік депозиттері 453.5 млрд теңгеге, ал халықтың салымдары 322 млрд теңгеге артты. Оның үстіне халықтың теңгелік салымдарының өсуіне мемлекет тарапынан қарастырылған өтемақы да септігін тигізді.

Шетел валютасындағы депозиттер 120 млрд теңгеге көбейді. Алайда бұл ретте халықтың шетел валютасындағы салымдарының шоттан алынуы одан әрі жалғасты: бір ай ішінде олар 38 млрд теңгеге қысқарып кетті. Ұлттық валютадағы салымдардың озық өсімі долларлану деңгейін төмендетті.


Долларланудың жалпы деңгейі 30.2%-ды құрады (бір ай ішінде -0.9 п.т.)

Заңды тұлғалардың депозиттерінің долларлануы 32%-ды (-0.8 п.т.), ал жеке тұлғалардың депозиттерінің долларлануы 27.6%-ты (-2.7 п.п.) құрады. Ағымдағы ахуалдар – халық табысының өсуі, жоғары базалық мөлшерлеме, инфляция деңгейінің төмендеуі және теңгенің тұрақты бағамы сақталатын болса, салымдардың әрі қарай өсетіндігін күтеміз.”

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы (2023 ақпан)

Дереккөз: <https://new.stat.gov.kz/ru/industries/economy/foreign-market/publications/27195/>

ҚР тауар айналымының көлемі, млн АҚШ доллары



Дереккөз: ҚР ҰСБ



Аят Сураганов

Талдаушы

“Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы бойынша 2023 жылғы ақпандағы деректерді жариялады. Соған сәйкес 2023 жылдың қаңтар-ақпанында сыртқы сауда айналымы 20 853 млн долларды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13.7%-ға өсті. Айталық, экспорт 12 220 млн (+0.7%), ал импорт – 8 633 млн (+39.1%) болды. Нақты көлемінде экспорт 11%-ға, ал импорт 6%-ға өсті.

Ағымдағы жылдың 2 айы ішінде мына тауарларды экспорттауда ең жоғары өсім тіркелді: мыс кендері (87%), мұнай өнімдері (82%) және күміс (74%). Ал экспорттың қысқаруы мұнайда (-6%), ферро қорытпаларда (-18%), мыс құймасында (-24%) және металпрокатта (-29%) байқалды.

Мына мемлекеттерге тауар экспорттау айтарлықтай өсті: ЕЭО елдеріне (418 млн долларға немесе 34%), Кореяға (337 млн-ға немесе 56%), Румынияға (220 млн-ға немесе 69%), Қытай (180 млн-ға немесе 14%) және Ауғанстанға (137 млн-ға немесе +95%).


Импорттың жоғары өсімі автомобильдерді (+125%), телефон аппараттарын (+88%), шанақтар мен қосалқы бөлшектерді (77%), сондай-ақ мұнай мен мұнай өнімдерін (+60%) әкелуді арттырумен қамтамасыз етілді. Импорт бойынша әріптестер арасындағы ең жоғары өсім мына елдер бойынша тіркелді: Қытай (өсім 651 млн доллар немесе 49%), Германия (244 млн-ға немесе 130%), АҚШ (228 млн-ға немесе 121%), Корея және Түркия (сәйкесінше 162 млн-нан 84% және 105%-ға), Жапония мен Вьетнам (сәйкесінше 117 млн-нан 117% және 279%-ға өсті).

Біздің пікірімізше, экспорттың мардымсыз өскендігі шикізт тауарлары мен металл бағаларының құбылмалылығына және экспорттың нақты көрінісінде қысқарғандығына байланысты. Ал импорттың айтарлықтай өсуі әлемдік сауда нарықтарында инфляцияның үдеуі, автокөліктерге деген сұраныстың артуы және инвестициялық жобалардың қайта қолға алынуы есебінен орын алды.”

Қазақстан экономикасының өсуі үдеді

Дереккөз: <https://primeminister.kz/ru/news/rost-ekonomiki-kazakhstanu-uskorilsya-23776>

ЖІӨ нақты өсуі, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері



Клара Сейдахметова

Талдаушы

“Қазақстан экономикасының өсімі осы жылдың 1 тоқсанында 4.9%-ды құрады.

Егер өткен жылдың наурызы мен ағымдағы жылдың наурызындағы көрсеткішті өзара салыстырып қарайтын болсақ, экономиканың 5.9%-ға дейін үдегені байқалады. Мұндай өсімге нақты сектор айтарлықтай үлес қосты. Мұнда құрылыс саласы жоғары қарқынмен дамуда (2023 жылдың 1-тоқсанында +15.7%, 2022 жылдың 1-тоқсанында +8.6%). Оның дамуы, оның ішінде негізгі капиталға жұмсалатын инвестициялардың өсуімен (+16.1%) қамтамасыз етілді. Бұл өз кезегінде тұрғын үй емес ғимараттар (+21.1%) мен құрылысжайлардың (+18.1%) құрылысына әсер етті.

Өнеркәсіп саласы да оң үлесін қосты. Ол өңдеуші сегмент есебінен +2.8%-ға артты. Мұнда машина жасаудың, азық-түлік өнімдері мен сусындар өндірісінің, фармацевтиканың, сондай-ақ дайын металл бұйымдарының өскендігі байқалады. Алайда тау-кен өндіру секторы әзірге жағымсыз әсерін жалғастыруда – оның өсу қарқыны қаңтар-ақпандағы деректер бойынша 0.5%-дан 0.2%-ға дейін төмендеді. Басты себеп – темір мен көмір кендерін өндіру біртіндеп қысқарып жатыр.


Қызмет көрсету саласында ең көп үлес қосқан сауда секторы болды. Оның даму қарқыны 11.5%-ды құрады. Жүк және жолаушы айналымының өсуіне байланысты көлік секторында да жақсы көрсеткіштер тіркелді. Осылайша 1-тоқсанның нәтижесі бойынша экономиканың дамуы құрылыстың жоғары қарқынмен өсуі арқасында біз бұған дейін болжамдаған 4.0-4.3%-дан асып түсті.

Бұл ретте экономиканың одан әрі өсуіне қазыналық қаржыландыруды арттыру, тау-кен өндіру секторындағы айқынсыздықтың төмендеуі, бағалық қысымның әлсіреуі және инвестициялық белсенділіктің артуы септігін тигізеді. Біз биылғы жылдың қорытындысы бойынша экономиканың өсімі 4.0-4.5% деңгейінде болады деп күтеміз.”

Шағын бизнес қаражаттарын жылжымайтын мүлікке жұмсағанды арты көреді


Дереккөз: <https://ism.kz/malyj-biznes-predpochitaet-vkladyvat-sya-v-nedvizhimost>

Шағын кәсіпорындар инвестициясының серпіні, трлн теңге



Дереккөз: ҚР ҰСБ

Шағын кәсіпорындар инвестициясының құрылымы, %



● Ғимараттар мен құрылысжайлар
● Машиналар мен жабдықтар
● Басқалар



Гульназ Алдибекова

Талдаушы

“Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2023 жылдың қаңтар-наурызында шағын кәсіпорындардың инвестицияларының көлемі экономикаға жұмсалған бүкіл инвестицияның 47%-ын құрайды.

Инвестицияның басым бөлігі ғимараттар мен құрылысжайлар құрылысына бағытталған – 71%-дан асады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2.1%-ға жоғары. Салыстырып қарайтын болсақ, дамыған елдерде инвестицияның 50% және одан да жоғары бөлігі машиналар мен жабдықтарға, ал құрылысқа тек шамамен 30%-ы ғана жұмсалады.

Қазақстанда шағын бизнестің жылжымайтын мүлік нысандарына күрделі жұмсалымы негізінен тұрғын үй және инфрақұрылым құрылысына арналған әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар: атап айтар болсақ, ШОБ кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, шағын кәсіпкерлік субъектілерін табыс салығынан босату есебінен ынталандырылады. Яғни шағын кәсіпорындардың белсенділігі осы сектордың дамуына байланысты болған жоқ. Бұған халықтың табыстары мен тұтынуларының бірқалыпты өсуі дәлел бола алады. Ал шағын кәсіпорындардың дамуы халықтың осы көрсеткіштеріне тәуелді екені белгілі.

Атап өту қажет, пандемиядан кейінгі кезеңде цифрлық технологиялардың дамуы бизнесті жүргізуді оңтайландыруға септігін тигізді. Енді осы цифрлық технологиялардың одан әрі дамуы және мемлекеттік қолдау көлемінің өсуі шағын бизнес кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін арттыра түседі.”

Авторлар: Сұңғат Рысбек, Аят Сураганов, Клара Сейдахметова, Гульназ Алдибекова

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz